типовая форма утверждена

Правлением АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от
"16" января 2017 года № 05)

Для лиц, связанных с Банком
особыми отношениями
(в том числе с аффилиированными лицами)
типовая форма утверждена решением
Совета директоров АО "Tengri Bank"
(решение заочного голосования от "31" января 2017 года № 04)

| **Жеке тұлғаның ағымдағы банктік шот шарты** | **Договор банковского текущего счета физического лица** |
|---|---|
| **1 бап. Жалпы ережелер** | **Статья 1. Общие положения** |
| 1.1. Осы Жеке тұлғаның ағымдағы банктік шот шарты (бұдан әрі – Шарт) "Tengri Bank" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) мен Клиент арасында жасалды және осы Шартта белгіленген талаптармен ағымдағы банктік шотты (бұдан әрі – Шот) және/немесе жәрдемақылар және/немесе әлеуметтік төлемдерді немесе тұрғын үй төлемдерін төлеуге арналған ағымдағы банктік шотты (бұдан әрі – Арнайы шот) (қол жеткізу құралы төлем карточкасы болып табылатын ағымдағы шотты қоспағанда) ашумен, жүргізумен және жабумен байланысты қатынастарды реттейді. | 1.1. Настоящий Договор банковского текущего счета физического лица (далее – Договор), заключен между Акционерным обществом "Tengri Bank" (далее – Банк) и Клиентом и регулирует отношения, связанные с открытием, ведением и закрытием банковского текущего счета (далее – Счет) и/или банковского текущего счета для выплаты пособий и/или социальных выплат или жилищных выплат (далее – Спецсчет) на условиях, установленных настоящим Договором (за исключением текущего счета, средством доступа к которому является платежная карточка). |
| 1.2. Осы Шарттың талаптары стандартты нысанда анықталды және Клиент Жеке тұлғаның ағымдағы банктік шот шартына қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қою арқылы ғана қабылдайды. Банк (Банк филиалы және оның құрылымдық бөлімшесі) және Клиент туралы мәліметтер Өтініште көрсетіледі. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабының талаптарына сәйкес жасалған қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте Өтініш, осы Шарт және "Tengri Bank" АҚ төлем қызметтерін көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже) тек бірыңғай құжат ретінде қаралады. | 1.2. Условия настоящего Договора определены в стандартной форме и могут быть приняты Клиентом не иначе, как путем подписания Заявления о присоединении к Договору банковского текущего счета физического лица (далее – Заявление). Сведения о Банке (филиале Банка и его структурном подразделении) и Клиенте указываются в Заявлении. Настоящий Договор является договором присоединения, заключаемым в соответствии с требованиями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан. При этом, Заявление, настоящий Договор и Правила оказания платежных услуг АО "Tengri Bank" (далее – Правила) могут рассматриваться исключительно в качестве единого документа. |
| 1.3. Клиенттің Өтінішке қол қоюы Клиенттің осы Шартқа және Ережеге толықтай қосылатынын білдіреді. Клиенттің (оның өкілінің) Өтініштегі қолы мынаны куәландырады:<br>– Клиенттің осы Шартты және Ережені оқығанын, түсінгенін және қандай да бір ескертусіз және қарсылықсыз қабылдағанын;<br>– Осы Шартта және Ережеде Клиент өзінің ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып қабылдамайтын, оған қандай да бір ауыртпалық салатын талаптардан тұрмайтынын;<br>– Банкте Клиенттің қолы қойылған Өтініш болған жағдайда, Клиенттің Шартты және Ережені өзінің оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде осы Шартта және Ережеде өз қолының жоқ екеніне сілтеуге құқығы жоқ;<br>– Клиент Шотты/Арнайы шотты ашу, жүргізу және жабу жөніндегі барлық талаптармен келіседі; | 1.3. Подписание Клиентом Заявления означает присоединение Клиента к настоящему Договору и Правилам в целом. Подпись Клиента (его Представителя) на Заявлении свидетельствует о том, что:<br>– Клиент прочитал, понял и принял настоящий Договор и Правила в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;<br>– настоящий Договор и Правила не содержит каких-либо обременительных для Клиента условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;<br>– Клиент не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на настоящем Договоре и Правилах, как доказательство того, что Договор и Правила не были им прочитаны/поняты/приняты, если у Банка имеется Заявление, подписанное Клиентом; |

– Осы Шарттың және Ереженің барлық қағидалары Клиенттің мүдделеріне және еркіне толық сәйкес келеді;
– Осы Шарттың жасалуы және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының қандай да бір қағидасын (төменде анықталғандай) бұзбайды және бұзуға алып келмейді.

1.4. Осы Шарт, Өтініш және Ереже, сондай-ақ олардың барлық қосымшалары мен толықтырулары осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, бірыңғай құқықтық құжатты білдіреді, онымен Банк және Клиент сөзсіз және қайтарып алусыз келіседі, олар бойынша өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді осы Өтінішке қосылған сәтте де, сондай-ақ болашақта да растайды.

1.5. Банк көрсетілетін төлем қызметтері үшін Клиенттен өзінің ***www.tengribank.kz*** ресми интернет-ресурсында орналастырылған, "Tengri Bank" АҚ операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеде белгіленген шекті мөлшерлемелер мен тарифтерден аспайтын мөлшерде алымдар мен комиссия алады.
Алымдар мен комиссияларды алу тәртібі Банктің ***www.tengribank.kz*** ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банк тарифтерінде белгіленген.

1.6. Өтінішке қол қоя отырып, Салымшы FATCA[1], талаптарын сақтамаған, оның ішінде Салымшы Банк сұратқан құжаттарды және/немесе мәліметтерді бермеген, толық емес және/немесе жалған құжаттар немесе мәліметтер берген жағдайда, АҚШ салық қызметінің пайдасына корреспондент банктің (контрагент банк) FATCA талабын сақтамаған тұлғаның банктік шотына және/немесе корреспондент банктің (контрагент банк) пікірінше АҚШ-та салық салынатын тұлға болып табылатын тұлғаның банктік шотына аударылатын АҚШ-тағы кіріс көздерінен алынған кірістер, ал аударылатын ақша көзі болып – АҚШ-пен байланысты кіріс болып табылатын (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар, роялти, жалдау ақысы, американдық активтерді, соның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім, сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқасы) және/немесе қатысушы қаржы ұйымынан тыс ашылған шотқа жіберілген, не мұндай төлемді (операцияны) өзінің резиденттік мәртебесін (салық резиденттілігін, АҚШ азаматы екендігін немесе еместігін растайтын өзге белгілерін) хабарлаудан бас тартқан Салымшы іске асырған жағдайда, төлем/операция сомасының 30 % мөлшерінде салық ұстап қалу тәуекелі бар екендігінен хабардар, түсінеді және осы арқылы олармен келіседі.

1.7. Өтінішке қол қою арқылы Клиентке Банктің Банк пен Клиентке қолданылатын, кез келген елдің немесе халықаралық ұйымның FATF, БҰҰ, OFAC қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) құзыретіне сәйкес салынған санкцияларға сай бас тартқан немесе тоқтатқан жағдайда, Банк Клиенттің кез

– Клиент соглашается со всеми условиями по открытию, ведению и закрытию Счета/Спецсчета;
– все положения настоящего Договора и Правил в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Клиента;
– заключение настоящего Договора и исполнение его условий не нарушит и не приведет к нарушению какого-либо положения действующего законодательства Республики Казахстан (как определено ниже).

1.4. Настоящий Договор, Заявление и Правила, а также все приложения и дополнения к ним, являются неотъемлемыми частями настоящего Договора, представляют собой единый правовой документ, с чем Банк и Клиент безусловно и безотзывно согласны, и подтверждают все принятые по ним на себя обязательства как в момент подписания Заявления, так и в будущем.

1.5. Банк взимает с Клиента сборы и комиссии за оказываемые платежные услуги в размере не превышающем предельных ставок и тарифов, установленных Правилами об общих условиях проведения операций АО "Tengri Bank", которые размещены на официальном интернет-ресурсе Банка ***www.tengribank.kz***.
Порядок взимания сборов и комиссий установлен тарифами Банка, размещенными на официальном интернет-ресурсе Банка ***www.tengribank.kz***.

1.6. Подписанием Заявления, Клиент уведомлен, понимает и настоящим соглашается с тем, что при несоблюдении им требований FATCA[2], в том числе в случае не предоставления Клиентом запрашиваемых Банком документов и/или сведений, предоставления неполных и/или недостоверных документов или сведений, существует риск (без получения дополнительного согласия и уведомления Клиента) удержания банком-корреспондентом (банком-контрагентом) в пользу налоговой службы США налога в размере 30 % от суммы платежа/ операции, являющихся получением доходов от источников в США (проценты, дивиденды, вознаграждения, роялти, арендная плата, выручка от продажи американских активов, в том числе ценных бумаг, выплаты по договорам страхования и прочее), переводимого на банковский счет лица, не соблюдающего требования FATCA и/или на банковский счет лица, которое по мнению банка-корреспондента (банка-контрагента) является налогооблагаемым в США лицом, а источником перечисляемых денег – доход, связанный с США, и/или направляемого на счет, открытый в не участвующей финансовой организации, либо если такой (-ая) платеж (операция) осуществляется Клиентом, отказавшимся сообщить свой резидентский статус (налоговое резиденство, иные признаки, подтверждающие принадлежность или непринадлежность к персоне США), либо

[1] Шетелдік қаржы институттарында (АҚШ қаржы институттарынан басқа) ашылған банктік шоттары бар американдық салық төлеушінің салық төлеуден жалтаруына қарсы әрекет етуге бағытталған шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы АҚШ заңы.

[2] Закон США о налоговом контроле иностранных счетов, который направлен на противодействие уклонению от уплаты налогов американскими налогоплательщиками, владеющими банковскими счетами, открытыми в иностранных финансовых институтах (кроме финансовых институтов США).

келген операциясын жүргізуден бас тартуға немесе жүргізуін тоқтатуға құқылы екендігі хабарланды және онымен келіседі. Бұл ретте Банк өзінің жоғарыда көрсетілген санкцияларға байланысты Клиенттің төлеу нұсқауларын орындаудан бас тартқаннан немесе орындауды тоқтатқаннан келтірілген Клиент шығындарына ешқандай жауап бермейді.

1.8. Осы Шартқа қосылу арқылы Клиентке Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бас тартқан, тоқтатқан немесе бұзған жағдайда, Банк клиенттің кез келген операциясын жүргізуден бас тартуға немесе жүргізуін тоқтатуға құқылы екендігі хабарланды және онымен келіседі.

1.9. Өтініштің, осы Шарттың және Ереженің мәтінінде қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар, егер Өтініш/Шарт және/немесе Ереже мәтінінде тікелей өзге мәні белгіленбесе, осы Шартта және/немесе Ережеде келтірілген мағынаға ие болады.

**2 бап. Шарттың мәні**

2.1. Банк осы Шарттың талаптарымен Клиенттің Өтініште көрсеткен Шотты/Арнайы шотты жүргізу валютасымен Клиентке Шот/Арнайы шот ашуға міндеттенеді.

2.2. Осы Шартта өзгесі көзделмесе, Клиент өзінің немесе оның Өкілінің қол қойылған Өтінішті беруі арқылы осы Шарт аясында бір немесе бірнеше Шот ашуға құқылы. Бұл ретте осы Шарттың талаптары Клиенттің ашқан әр шотына қолданылады.

2.3. Банк Клиенттің пайдасына түсетін ақшаны қабылдауға, Клиенттің тиісті ақша сомасын Клиентке немесе үшінші тұлғаларға аудару (беру) туралы өкімін орындауға және осы Шарт пен Ережеде көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

2.4. Банк Клиенттің пайдасына мемлекеттік бюджеттен және/немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) жәрдемақы және/немесе әлеуметтік төлемдер немесе тұрғын үй төлемдері түрінде Арнайы шотқа түскен ақшаны қабылдауға, Клиенттің Клиентке немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомасын аудару (беру) және осы Шартта көзделген басқа да қызметтерді көрсету туралыөкімдерін орындауға міндеттенеді.

**3 бап. Шотты/ арнайы шотты жүргізу**

3.1. Банк Клиенттен тізбесі, түрі мен мазмұны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған барлық құжаттарды қабылдағаннан кейін, Өтініштің негізінде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, Банк тарифтеріне, Ережеге, осы Шартқа сәйкес Шот/Арнайы шот ашады және жүргізеді.

3.2. Клиенттің Шоты/Арнайы шоты бойынша барлық шығыс операцияларын Банк Шотта/Арнайы шотта бар сома шегінде іске асырады.

предоставившим неполные и/или недостоверные сведения.

1.7. Подписанием Заявления Клиент уведомлен и согласен, что Банк вправе отказать в проведении или прекратить проведение любой операции Клиента, если такой отказ или прекращение осуществляется Банком согласно санкциям, наложенным в соответствии с юрисдикцией любой страны или международной организации (включая, но, не ограничиваясь, ФАТФ, ООН, OFAC), действие которых распространяется на Банк и Клиента. При этом Банк не будет нести никакой ответственности за убытки Клиента, причиненные отказом Банка в исполнении или прекращением исполнения платежных инструкций Клиента в связи с вышеуказанными санкциями.

1.8. Присоединением к настоящему Договору Клиент уведомлен и согласен, что Банк вправе отказать в проведении или прекратить проведение любой операции Клиента, расторгнуть настоящий Договор, если такой отказ, прекращение или расторжение осуществляется Банком в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан и внутренних нормативных документов Банка в части противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма.

1.9. Понятия и определения, используемые в тексте Заявления, настоящего Договора и Правил, имеют значение, которое приведено в настоящем Договоре и/или Правилах, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Заявления/Договора/Правил.

**Статья 2. Предмет договора**

2.1. На условиях настоящего Договора Банк обязуется открыть Клиенту Счет/Спецсчет с валютой ведения Счета/Спецсчета, указанной Клиентом в Заявлении.

2.2. Если иное не предусмотрено настоящим Договором, Клиент вправе открыть один или несколько Счетов в рамках настоящего Договора путем подачи подписанного Клиентом либо его Представителем Заявления. При этом, условия настоящего Договора распространяются на каждый открываемый Клиентом Счет.

2.3. Банк обязуется принимать деньги, поступающие в пользу Клиента, выполнять распоряжения Клиента о переводе (выдаче) Клиенту, или третьим лицам соответствующих сумм денег и оказывать другие услуги, предусмотренные настоящим Договором и Правилами.

2.4. Банк обязуется принимать деньги, поступающие на Спецсчет в виде пособий и/или социальных выплат из государственного бюджета и/или Государственного фонда социального страхования (далее – ГФСС) или жилищных выплат, в пользу Клиента, выполнять распоряжения Клиента о переводе (выдаче) Клиенту или третьим лицам соответствующих сумм денег и оказывать другие услуги, предусмотренные настоящим Договором.

**Статья 3. Ведение Счета/Спецсчета**

3.1. Открытие и ведение Счета/Спецсчета осуществляется Банком в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан,

3.3. Банк Клиенттің пайдасына түскен ақшаны Банкке түскен және тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарын алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Шотқа/Арнайы шотқа қабылдайды (түсіреді).

3.4. Банк төлем құжаттары тиісті түрде ресімделмеген жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайларда, Клиенттің пайдасына түскен ақшаны Шотқа/Арнайы шотқа қабылдамайды. Бұл ретте Банк төлем құжаттары тиісті түрде ресімделмеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сай өзге жағдайлар болған кезде ақшаның шотқа қабылдануын (түсіруін) кешіктіргені үшін жауап бермейді.

3.5. Ақша Клиенттің пайдасына Шотты жүргізу валютасынан басқа валютада түскен жағдайда, Банк ақшаны айырбастайды және айырбасталған соманы Шотқа қабылдайды (түсіреді). Айырбастау Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен, Банктің қолма-қол ақшасыз айырбастау күніне белгілеген, тиісті валютаны қолма-қол ақшасыз сатып алу/сату бағамы бойынша жүргізіледі.

3.6. Банк төлемдерді және ақша аударымдарын Шоттағы/Арнайы шоттағы ақша қалдығы шегінде жүргізеді. Шотта/Арнайы шотта төлем жасаумен және/немесе ақша аударумен байланысты төленуі тиіс комиссиялық сыйақы сомасын есепке алғанда төлем жасау және/немесе ақша аудару үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиенттің төлем құжаттарын орындаусыз қайтарады. Банк Клиенттің төлем құжаттарын ішінара орындамайды.

3.7. Клиент Шотпен/Арнайы шотпен өзінің кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариалдық қызметімен, сондай-ақ жеке сот орындаушысы қызметімен байланысты шығыс/кіріс операцияларын жүргізбеуге міндеттенеді.

3.8. Шығыс операцияларын жүргізуге арналған сенімхат бойынша шығыс операцияларын жүргізген кезде Клиенттің сенімді тұлғасының 1 (бір) ай ішінде жүргізген шығыс операцияларының сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгеден немесе оның басқа валютадағы баламасынан аспауы тиіс. Валютадағы баламасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шығыс операцияларын жүргізген күнге белгілеген бағамы бойынша анықталады.

3.9. Жәрдемақы үшін Арнайы шот ашқан кезде Банк өзіне Клиенттің пайдасына мемлекеттік бюджеттен түсетін жәрдемақылар және (немесе) МӘСҚ-дан төленетін әлеуметтік төлемдер түріндегі ақшаны ғана қабылдауды міндетіне алады. Ақша басқа көздерден түскен жағдайда, төлем құжаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай қабылдаудан бас тарта отырып, бастама көтерушіге қайтарылады.

3.10. Тұрғын үй төлемдері үшін Арнайы шот ашылан кезде Банк Клиенттің пайдасына уәкілетті мемлекеттік органнан тұрғын үй төлемдері түрінде түскен ақшаны қабылдау міндетін өзіне алады.

внутренними нормативными документами Банка, тарифами Банка, Правилами, настоящим Договором, на основании Заявления, после принятия от Клиента всех документов, перечень, форма и содержание которых определены действующим законодательством Республики Казахстан.

3.2. Все расходные операции по Счету/Спецсчету Клиента Банк осуществляет в пределах суммы, имеющейся на Счете/Спецсчете.

3.3. Банк осуществляет принятие (зачисление) на Счет/Спецсчет денег, поступивших в пользу Клиента, не позднее рабочего дня, следующего за днем их поступления в Банк, и получения надлежащим образом оформленных платежных документов.

3.4. Банк не принимает (не зачисляет) на Счет/Спецсчет деньги, поступившие в пользу Клиента, в случае, если платежные документы оформлены ненадлежащим образом, а также в иных случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан. При этом Банк не несет ответственность за задержку принятия (зачисления) денег на Счет/Спецсчет в случае оформления платежных документов ненадлежащим образом, а также при наличии иных обстоятельств согласно требованиям действующего законодательства Республики Казахстан.

3.5. В случае поступления денег в пользу Клиента в валюте, отличной от валюты ведения Счета, Банк осуществляет конвертацию денег и принимает (зачисляет) сконвертированную сумму на Счет. Конвертация производится по безналичному курсу покупки/продажи соответствующей валюты, установленному Банком на день безналичной конвертации в порядке, предусмотренном внутренними нормативными документами Банка.

3.6. Банк осуществляет платежи и переводы денег в пределах остатка денег на Счете/Спецсчете. В случае, если на Счете/Спецсчете недостаточно денег для проведения платежа и/или перевода денег с учетом суммы комиссионного вознаграждения, подлежащей уплате в связи с проведением платежа и/или перевода, Банк возвращает платежные документы Клиенту без исполнения. Банк не производит частичное исполнение платежных документов Клиента.

3.7. Клиент предоставляет свое безусловное и безотзывное обязательство о том, что по Счету/Спецсчету обязуется не совершать расходные / приходные операции, связанные со своей с предпринимательской деятельностью, нотариальной деятельностью, адвокатской деятельностью, деятельностью по исполнению исполнительных документов, деятельностью по урегулированию споров в порядке медиации.

3.8. При осуществлении расходных операций по доверенности на осуществление расходных операций, сумма расходных операций, осуществляемых поверенным лицом Клиента в течение 1 (одного) месяца, не должна превышать 500 000 (пятьсот тысяч) тенге либо их эквивалент в другой валюте. Эквивалент в валюте определяется по курсу, установленному Национальным Банком Республики Казахстан на день совершения расходной операции.

3.11. Банк Арнайы шот бойынша келесі операцияларды жүргізеді және оған қызмет көрсетумен байланысты мынадай банк қызметтерін көрсетеді:

– жәрдемақылар және/немесе мемлекеттік бюджеттен және/немесе МӘСҚ-дан немесе уәкілетті мемлекеттік органнан төленетін әлеуметтік төлемдер түрінде Клиенттің пайдасына түскен ақшаны Клиенттің Арнайы шотына түсіреді;
– Клиенттің Арнайы шотынан Клиенттің нұсқауымен теңгемен ақша аударады;
– Клиентке Арнайы шоттан теңгемен қолма-қол ақша береді;
– Арнайы шот бойынша үзінді көшірме береді.

3.12. Жәрдемақыларға арналған Арнайы шот бойынша белгілі бір жұмыс тәртібі қолданылады:

– Клиенттің және (немесе) үшінші тұлғалардың Жәрдемақыларға арналған арнайы шотқа қолма-қол ақша салуына болмайды;
– Жәрдемақыларға арналған арнайы шотқа қолма-қол ақшасыз түсімдер осы Шарттың 3.10 тармағына сәйкес жүргізіледі;
– Шотқа Клиенттің өзі жасайтын аударымдарын қоспағанда, Жәрдемақыларға арналған арнайы шоттан қолма-қол ақшасыз аударымдар жасауға тыйым салынған;
– Арнайы шотта тұрған ақшадан өндіріп алуға болмайды;
– Жәрдемақыларға арналған арнайы арнайы шот депозиттік және кредиттік шарттар бойынша есеп айырысуларға қатыса алмайды;
– Жәрдемақыларға арналған арнайы шот бойынша теңгені басқа валюта түріне айырбастау операциялары жүргізілмейді;
– Арнайы шотқа тыйым салуға, шығыс операцияларын тоқтатуға, мүлікті басқаруға уақытша шектеу қоюға болмайды.

3.13. Үшінші тұлғалар Шот/Арнайы шот бойынша шығыс операцияларын Клиент, сондай-ақ Клиенттің заңды өкілдері, қамқоршылары мен қорғаншылары атынан берілген нотариуста куәландырылған сенімхат негізінде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен ғана іске асыра алады.

**4 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**4.1. Банк:**

4.1.1. Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қажетті құжаттарды берген кезде Клиентке Шот/Арнайы шот ашуға;

4.1.2. Клиент талаптарын көрсеткен кезде Клиентке тиесілі ақшаның (Шоттағы/Арнайы шоттағы ақша қалдығы шегінде) болуын қамтамасыз етуге;

4.1.3. Клиенттің төлемдер және Шоттан/Арнайы шоттан ақша аудару туралы нұсқауларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгілеген тәртіппен және мерзімде орындауға;

4.1.4. Шот/Арнайы шот бойынша жүргізілген операциялар жөніндегі ақпараттың

3.9. При открытии Спецсчета для пособий Банк принимает на себя обязанности по приему денег, поступающих в пользу Клиента только в виде пособий из государственного бюджета, и (или) социальных выплат из ГФСС. В случае поступления денег из других источников, платежный документ возвращается инициатору с отказом в приеме согласно действующему законодательству Республики Казахстан.

3.10. При открытии Спецсчета для жилищных выплат Банк принимает на себя обязанности по приему денег, поступающих в пользу Клиента в виде жилищных выплат из уполномоченного государственного органа.

3.11. Банк осуществляет следующие операции по Спецсчету и оказывает банковские услуги, связанные с его обслуживанием:

– зачисляет на Спецсчет Клиента деньги, поступающие в виде пособий и/или социальных выплат из госуд арственного бюджета и/или ГФСС или из уполномоченного государственного органа в пользу Клиента;
– осуществляет переводы денег со Спецсчета Клиента в тенге по указанию Клиента;
– выдает Клиенту со Спецсчета наличные деньги в тенге;
– выдает выписки по Спецсчету.

3.12. По Спецсчету для пособий действует определенный режим работы:

– взнос наличных денег Клиентом и (или) третьими лицами на Спецсчет для пособий запрещен;
– безналичные поступления на Спецсчет для пособий осуществляются в соответствии с пунктом 3.11 настоящего Договора;
– безналичные переводы со Спецсчета для пособий запрещены, за исключением переводов на Счет самого Клиента;
– не допускается обращение взысканий на деньги, находящиеся на Спецсчете;
– Спецсчет для пособий не может участвовать в расчетах по депозитным и кредитным договорам;
– по Спецсчету для пособий не осуществляются операции по конвертации тенге в другой вид валюты;
– не допускается наложение ареста, приостановление расходных операций, временное ограничение на распоряжение имуществом по Спецсчету.

3.13. Расходные операции по Счету/Спецсчету могут осуществляться третьими лицами только на основании нотариально удостоверенной доверенности, выданной от имени Клиента, а также законными представителями, опекунами и попечителями Клиента, в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Банка.

**Статья 4. Права и обязанности Сторон**

**4.1. Банк обязан:**

4.1.1. при предоставлении Клиентом документов, необходимых в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Банка, открыть Клиенту Счет/Спецсчет;

құпиялылығын қамтамасыз етуге және банктік құпияны сақтауға. Шот/Арнайы шот бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және талаптармен ғана беріледі;

4.1.5. Банк тарифтерінің өзгергені туралы хабарламаны өзгерістер қолданысқа енген күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банктің операциялық залдарында немесе Банктің ***www.tengribank.kz*** мекенжайындағы интернет-ресурсына орналастыруға. Бұл ретте Клиент Банкке тиісті өтініш беру арқылы Банк көрсететін төлем қызметтерін алудан бас тартуға құқылы. Банк тарифтерінің өзгергені туралы Банктің операциялық залдарына немесе Банктің интернет-ресурсына орналастырған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Клиент Банк көрсететін төлем қызметтерін алудан бас тартатыны туралы тиісті өтініш бермеген жағдайда, Клиент көрсетілген өзгерістерді қабылдаған болып саналады және Банк хабарламасынада көрсетілген күні қолданысқа енгізіледі. ;

4.1.6. Шот/Арнайы шот бойынша жүргізілген операциялар жөнінде банктік құпияның сақталуын қамтамасыз етуге. Банктік құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Клиенттің келісімінсіз берілуі мүмкін;

4.1.7. Клиенттің және/немесе оның уәкілеттік берген тұлғаларының талабымен Клиенттің Шоттағы/Арнайы шоттағы ақша сомасы және жүргізілген операциялар туралы ақпарат беруге;

4.1.8. Ережеде көзделген тәртіппен төлем қызметін көрсетуге;

4.1.9. осы Шартта және/немесе Ережеде анықталған өзге міндеттерді орындауға міндетті.

**4.2. Банк:**

4.2.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің келісімінсіз Шоттан/Арнайы шоттан ақша алуға және Шот/Арнайы шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға. Анықтау және алдын ала тергеу органдарының өкімдері және сот санкциялаған сот орындаушыларының қаулылары, сондай-ақ соттардың өкімдері, шешімдері, үкімдері, анықтамалары негізінде ғана Шотта тұрған ақшаға тыйым салынады;

4.2.2. Клиенттің Шотында/Арнайы шотында осы нұсқауды орындау үшін жеткілікті ақша сомасы болмаған кезде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайларда Клиент нұсқауын қабылдаудан бас тартуға;

4.2.3. Клиенттің Шотында/Арнайы шотында бір жылдан астам уақыт ақша қозғалысы болмаған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайларда Шотты/Арнайы шотты жабуға;

4.2.4. Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шотынан акцептсіз тәртіппен және/немесе Клиенттің тиісті банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы келесі соманы алуға:

4.1.2. обеспечивать наличие денег, принадлежащих Клиенту, (в пределах остатка денег на Счете/Спецсчет), при предъявлении требований Клиента;

4.1.3. выполнять указания Клиента о платежах и переводах денег со Счета/Спецсчета в порядке и сроки, установленные действующим законодательством Республики Казахстан;

4.1.4. обеспечивать конфиденциальность информации и сохранять банковскую тайну по операциям, проводимым по Счету/Спецсчету. Предоставление сведений по Счету/Спецсчету осуществляется только в порядке и на условиях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан;

